

"АЗАМТАРҒА АРНАЛАН ҮКІМ" МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ
 КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫН СОЛГУСТІК
 ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛА ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
 ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ
 20 19 ж. 24 " Бардаң
 ЖАРҒЫЫ ЕҢГІЗЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
 ТОЛЫКТЫРУДАР ТІРКЕЛДІ
 БСН 9312400020558
 2003 ж. " 25 " Каудама

Барлық дауыс беретін акцияларға
 иелік етегін акционер –
 «Қазақстан инжиниринг»
 (Kazakhstan Engineering)
 Ұлттық компаниясы АҚ-ның
 Директорлар кеңесінің
 20 19 ж. «20 » тамыз
 шешімімен (хаттама № 3)
БЕКІТІЛГЕН

**«Завод им.С.М. Кирова»
 АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
 ЖАРҒЫСЫ**

Петропавл қаласы, 2019 жыл

1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 бап. Жалпы ережелер.

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік Қоғамдар туралы» Заңына (бұдан байлай - Зан) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы жарғы «Завод им.С.М. Кирова» акционерлік қоғамының (бұдан байлай – Қоғам) заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейтін құрылтайшылық құжат болып табылады:

3. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы. Мүдделі тұлғаның талабы бойынша Қоғам оған енгізілген кейінгі өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, осы Жарғымен танысу мүмкіндігін жасауға міндетті. Үш жұмыс күні ішінде Қоғам акционердің оған осы Жарғының көшірмесін беру туралы талабын орындауға міндетті.

2 бап. Қоғамның мәртебесі

4. Қоғам мемлекеттік мұлік жөніндегі Солтүстік Қазақстан аумақтық комитетінің 1993 жылғы 14 желтоқсандағы №14/4 «ПО завод им. С.М. Кирова» акционерлік қоғамын құру туралы» қаулысына сәйкес құрылды.

5. Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады. Қоғамның меншік нысаны – жеке.

6. Қоғам өз акционерлерінің мұлкінен оқшауланған мұлікке ие болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Қоғам өз мұлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

7. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы көрсетілген мөрі бар.

Қоғамның фирмалық атауы, тауарлық белгісі бар. Қоғамның сондай-ақ корпоративтік логотипі, туы және басқа дараландыру құралдары болуы мүмкін, олардың үлгілері белгіленген тәртіппен бекітіледі және тіркеледі.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Қоғам өзінің тұрган жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша іс-қимыл жасайтын филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3 бап. Қоғамның атауы және орналасқан жері

10. Қоғамның толық және қысқартылған атаулары:
- 1) мемлекеттік тілінде:

- «Завод им. С.М. Кирова» акционерлік қоғамы;
 - «Завод им. С.М. Кирова» АҚ;
- 2) орыс тілінде:
- Акционерное общество «Завод им. С.М. Кирова»;
 - АО «Завод им. С.М. Кирова»;
11. Қоғамның атқарушы органдың орналасқан жері:
150007, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы, Партизан көшесі, 48 үй.
- 4 бап. Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына ие құрылтайшы және Акционер**
12. Қоғамның құрылтайшысы Мемлекеттік мүлік жөніндегі Солтүстік Қазақстан аумақтық комитеті болып табылады.
13. Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін Акционер «Қазақстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы болып табылады.
- 5 бап. Қоғам қызметінің мақсаты, негізгі бағыттары және түрлері**
14. Қоғам қызметінің мақсаты дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде таза кіріс алу болып табылады.
15. Қоғам қызметінің негізгі түрлері мыналар болып табылады:
- 1) өзге де металл цистерналарды, резервуарлар мен контейнерлерді өндіру;
 - 2) қару мен оқ-дәрілерді өндіру;
 - 3) металдарды өндеу және металдарға жабын салу;
 - 4) өзге де металл бұйымдарын өндіру;
 - 5) металл және ағаш өндеу құралдарын өндіру;
 - 6) өзге де дайын металл бұйымдарын өндіру;
 - 7) электрондық бөлшектер өндірісі;
 - 8) өндірістік мақсаттағы теле - және радиоаппаратура өндірісі;
 - 9) кабельдік телефон және телеграф байланысына арналған аппаратура өндірісі;
 - 10) пайдаланушыларға арналған электрондық аспаптар өндірісі;
 - 11) электр өлшеу аспаптарын өндіру;
 - 12) радио өлшеу аспаптарын өндіру;
 - 13) физикалық зерттеулерге арналған аспаптар өндірісі;
 - 14) электродты өнім өндірісі;
 - 15) электр оқшаулау бұйымдарын өндіру;
 - 16) электр сигналдық жабдықтар өндірісі;
 - 17) өзге де электромеханизмдер мен аспаптар өндірісі;
 - 18) ауа баптағыштарын және желдеткіштерді өндіру;
 - 19) арнайы мақсаттағы басқа да машиналарды өндіру;
 - 20) тіркемелер мен жартылай тіркемелер өндірісі;
 - 21) әскери жауынгерлік автокөлік құралдарын өндіру;
 - 22) металл цистерналарды, резервуарлар мен контейнерлерді жөндеу;

- 23) орталықтан жылдыту қазандықтарынан басқа бу қазандықтарын жөндеу;
- 24) металл бөшкелерді және үқсас сыйымдылықтарды жөндеу;
- 25) өзге де металл бұйымдарын жөндеу;
- 26) механикалық жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 27) жалпы мақсаттағы өзге де жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 28) ауыл және орман шаруашылығына арналған машиналар мен жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 29) білдектерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 30) арнайы мақсаттағы өзге де машиналар мен жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 31) өлшеуге, тестілеуге және навигацияға арналған аспаптар мен жабдықтарды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету;
- 32) электр моторларын, генераторлар мен трансформаторларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 33) электр тарату және реттеу аппаратурасын жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 34) электр жарықтандыру жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 35) басқа санаттарға енгізілмеген өзге де электр жабдықтарын жөндеу және техникалық күту;
- 36) темір жолдардың жылжымалы құрамын жөндеу;
- 37) өнеркәсіптік техника мен жабдықтарды монтаждау;
- 38) тұрғын үй ғимараттарын салу;
- 39) 1 санаттағы стационарлық сауда объектілерін қоспағанда, тұрғын емес ғимараттарды салу;
- 40) электр энергиясымен және телекоммуникациялармен қамтамасыз ету үшін тарату объектілерін салу;
- 41) ғимараттарды бөлшектеу және бұзу;
- 42) жер жұмыстары;
- 43) телекоммуникациялық, компьютерлік және телевизиялық желілерді төсеу жөніндегі электр техникалық және монтаждау жұмыстары;
- 44) өзге де электр техникалық және монтаж жұмыстары;
- 45) сумен жабдықтау, жылдыту және ауаны баптау жүйелерін монтаждау;
- 46) оқшаулау жұмыстары;
- 47) басқа да құрылым-монтаж жұмыстары;
- 48) монтаждалған жабдықты іске қосу және баптау;
- 49) арнайы мамандықтарды талап ететін өзге де құрылым жұмыстары;
- 50) автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- 51) автомобиль көлігімен жүк тасымалдау;
- 52) тұрғын үйдің басқа тұрлері;

53) мемлекеттік органдар үшін бірыңғай көлік ортасы арқылы спутниктік телекоммуникация саласындағы қызмет;

54) байланысты ұйымдастыру үшін спутниктік телекоммуникация саласындағы қызмет;

55) бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу;

56) жалға беру және меншікті жылжымайтын мүлікті басқару;

57) жалға алу (қосалқы жалға алу) және жалға алынатын жылжымайтын мүлікті пайдалану;

58) атом өнеркәсібі мен атом энергетикасын қоспағанда, инженерлік іздестіру саласындағы қызмет және осы салада техникалық консультациялар беру;

59) ұлттық компаниялар құрған құзет ұйымдарының қызметі;

60) ұлттық компаниялар мен олардың еншілес ұйымдары ұсынатын қосалқы білім беру қызметтері.

Тізбесі заңнамалық актілермен белгіленетін, қызметтің жекелеген түрлерімен Қоғам лицензия негізінде ғана айналыса алады.

16. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік этиканың жалпы қабылданған қағидаттарына (дәстүрлеріне), Жарғыға, өзінің шарттық міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырады.

2 ТАРАУ. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

6 бап. Қоғамның артықшылықты акцияларын иеленуші акционердің құқықтары

17. Артықшылықты акциялардың меншік иелер-акционерлері жай акциялардың меншік иелері алдында осы Жарғының 94 – тармағында белгіленген алдын ала белгіленген кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Заңда белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар. Артықшылықты акциялардың меншік иелері - акционерлер қарапайым акциялардың меншік иелері - акционерлердің алдында осы Жарғымен белгіленген, күні бұрын анықталған кепілдікті мөлшерде дивидендтер алуға және Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамды таратқан кезде мүліктің бір бөлігіне артықшылықты құқыққа ие.

18. Артықшылықты акция осы Жарғының 19 тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерге Қоғамды басқаруға қатысуға құқық бермейді.

19. Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді, егер:

1) Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер ол бойынша қабылданған шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектей алатын мәселе қарайтын болса. Мұндай мәселе бойынша шешім орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып есептеледі;

2) Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер артықшылықты акцияларды Қоғам ұйымдастыраған нарықта заңға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы мәселені қарашаада.

3) Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер Қоғамды қайта ұйымдастыру, не тарату туралы мәселе қарайтын болса;

4) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбеген болса.

7 бап. Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Қоғам Акционерінің құқықтары мен міндеттері

20. Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Қоғам Акционерінің:

1) Заңмен және (немесе) осы Жарғымен көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде оның қаржылық есептемесімен танысуға;

4) орталық депозитарий немесе атаулы иесінен оның Қоғамның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын көшірмелер алуға;

5) Директорлар кеңесін сайлауға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дауласуға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау түсken күннен бастап отыз күнтізбелік күні ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғамды таратқан кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын заңда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға;

10) Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;

11) өз есебінен аудиторлық ұйымымен Қоғамның аудитін өткізуі талап етуге;

12) Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс жасау) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен Заңда көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгінуге;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

Жарғының осы тармағында белгіленген барлық дауыс беретін акцияларға ие Акционердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

21. Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционері:
- 1) Заңмен көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;
 - 2) орталық депозитарий және (немесе) оған тиесілі акциялардың атаулы иеленушісін он күннің ішінде Қоғам акцияларын иеленушілердің тізілімдері жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабардар етуге;
 - 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жарияламауға;
 - 4) Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) Қоғамның акцияларын атаулы ұстаушы барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің Жарғының осы тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

3 ТАРАУ. ҚОҒАММЕН БАСҚАРУ

8 бап. Қоғам органдарының тізбесі

22. Қоғамның органдары:
- 1) жоғарғы орган –барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер;
 - 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
 - 3) аткарушы орган – Бас директор (жеке-дара орган);
 - 4) Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және осы Жарғыға сәйкес өзге де органдар.

9 бап. Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер

23. Заңмен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді барлық дауыс беретін акцияларды жеке-дара иеленетін Акционер қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарға нұқсан келтірмейтін және шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

24. Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің шешімдері Қоғамда сақталуы және кез келген уақытта танысу үшін акционерлерге ұсынылуы тиіс. Акционерлердің талабы бойынша оларға барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер шешімінің көшірмесі беріледі.

25. Барлық дауыс беретін акцияларға ие Акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта үйымдастыру немесе тарату;

- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;
- 8) Есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшерін, шарттарын айқындау;
- 10) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- 11) Бас директорды тағайындау мен өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, оның өкілеттік мерзімін, қызметтік еңбекақы мөлшерін, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда өтемақы төлемдерін, еңбекақы төлеу тәртібін, сыйақы (сыйлықақы) және әлеуметтік қолдауды анықтау, сонымен қатар онымен еңбек қатынасын тоқтату туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 13) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 14) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шакқандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 15) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 17) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайзын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге занды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге занды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 18) Заңға сәйкес Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін және оған өзгерістерді бекіту;
- 19) «алтын акцияны» енгізу және жою;
- 20) мәміле туралы шешім қабылдау күніне Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайзын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алғатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы

немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау, нәтижесінде оның активтерінің баланстық күнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) Қоғамның ірі мәміле;

21) Қоғамның әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерін, оның ішінде Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетуге және сыйақы беруге арналған шығыстарды, қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу нормаларын, өкілдік шығыстарды, қызметтік автомобилдерді, әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған аландарды, телефон байланысын пайдалану нормативтерін анықтау;

22) барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер бекітетін ішкі құжаттарға сәйкес Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші Акционердің құзыretіне жататын шешімдер қабылдау;

23) Қоғамның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту;

24) Қоғамның саясатын, оның ішінде инвестициялық, дивидендтік, кадрлік және т.б. бекіту;

25) Қоғамның Даму жоспары мен Бюджетін өзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және мониторингілеу Ережелерін бекіту;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Қоғамның барлық дауыс беруші акцияларының иеленуші Акционердің ерекше құзыretіне жататын шешімдер қабылдайтын, өзге де мәселелер;

26. Егер Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешімдер қабылдау Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыretіне барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің айрықша құзыretіне жатқызылған мәселелерді беруге жол берілмейді.

27. Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10 бап. Директорлар кеңесі

28. Директорлар кеңесі барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің шешімімен сайланады және Заңмен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің айрықша құзыretіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Директорлар кеңесі туралы ереженің негізінде әрекет етеді.

29. Директорлар кеңесінің айрықша құзыretіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) Қоғамның Даму жоспарын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу және оны іске асыру мониторингі;

- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту және Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы бір жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныс енгізу;
- 6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) Бас директорды тәртіптік жауапкершілікке тарту және жұмыстан шеттету, оның қызметінің кілттік көрсеткіштері мен олардың мақсаттық мәндерін бекіту, көтермелеу (сыйақы) туралы шешімдер қабылдау;
- 8) Қоғамның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерін бекіту;
- 9) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақы мөлшерін, сыйақы және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, сондай-ақ корпоративтік хатшы мақсаттарының картасын бекіту;
- 10) Директорлар кеңесі комитеттерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, олардың басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олар туралы Ережелерді бекіту;
- 11) аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудиті үшін, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас директор қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;
- 14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес пайзынан кем құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

- 15) осы Жарғымен Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін Акционердің құзыретіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда, басқа занды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын Қоғамның сенімгерлік басқаруына сатып алу (иеліктен шығару), беру (алу) туралы шешім қабылдау;
- 16) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі занды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 17) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 19) жасалуы туралы шешімді барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мұдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 20) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарau және олар бойынша шешім қабылдау;
- 21) Барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін Акционер белгілеген тәртіппен Қоғам бюджетін (1 жылға арналған бизнес-жоспарды) бекіту;
- 22) Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын және ұйымдық құрылымын бекіту;
- 23) Қоғамның есеп саясатын бекіту;
- 24) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, оған барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционерге толықтырулар мен өзгерістер жөнінде ұсыныстар дайындау
- 25) Іскерлік әдеп кодексін бекіту және оның ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 26) Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарға сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын шешімдер қабылдау;
- 27) Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі құжаттары мен рәсімдерін бекіту (Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда), сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша есептерді қарau және бекіту;
- 28) Қоғамның ішкі бақылау жүйесін реттейтін құжаттарын бекіту, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесі бойынша есептерді қарau және бекіту;
- 29) Қоғам барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін Акционердің қаруына шығаратын мәселелерді алдын ала қарau және макұлдау;
- 30) барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционерге ұсыну үшін Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті дайындау және макұлдау;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген, барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін Акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

30. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Бас директорға шешім үшін берілмейді.

31. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Бас директордың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

11 бап. Директорлар кеңесінің құрамы

32. Жеке тұлғағана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар Кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

33. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционерлер – жеке тұлғалар;
2) акционерлердің мүдделерін білдірушілер ретінде директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсынған) адамдар;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсынбаған) жеке тұлғалар қатарынан сайланады.

34. Бас директор Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

35. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамынан кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

36. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

12 бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерінің мерзімі

37. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар саны шектеусіз рет қайтадан сайлана алады.

38. Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер белгілейді.

39. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы барлық дауыс беретін акцияларға ие Акционердің шешімі қабылданған күннен бастап аяқталады.

40. Барлық дауыс беретін акцияларға ие Акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі барлық дауыс беретін акцияларға ие Акционер оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

41. Директорлар кеңесі мүшесінің оның бастамасы бойынша өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

42. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесінің көрсетілген хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады.

43. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бір мезгілде аяқталады.

13 бап. Директорлар кеңесінің төрағасы

44. Директорлар кеңесінің төрағасы барлық дауыс беретін акцияларға ие Акционердің шешімімен сайланады.

45. Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесінің мәжілістерін шақырады, оларда төрағалық етеді;
- 2) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 3) Директорлар кеңесінің мәжілістерін жүргізеді;
- 4) Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен шарттар және барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін Акционер тағайындаған бас директормен еңбек шартын жасасады;
- 5) Заңмен, осы Жарғымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

46. Директорлар Кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

14 бап. Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыру

47. Директорлар кеңесінің мәжілісі Төрағаның немесе Бас директордың бастамасы бойынша не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ишкі аудиті қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін Акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

48. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі мәжілісінің ұсынылатын күн тәртібін қамтитын, тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті Бас директорға жүгінуге құқылы.

Директорлар Кеңесінің мәжілісін Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Бас директор шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісі көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

49. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарландыру және мәжілістің күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдарды Директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжіліс өткізілетін күннен кемінде жеті күнтізбелік күн бұрын жіберілуі тиіс.

Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі Төрағасының шешімі бойынша материалдар өзге мерзімде жіберілуі мүмкін.

Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламалар мәжілісті өткізу күні, уақыты және орны туралы мәліметтерді, сондай-ақ күн тәртібін және оның мәселелері бойынша шешімдердің жобаларын қамтуы тиіс.

Ірі мәмілені және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (Занда көзделген жағдайда) қамтуға тиіс.

50. Директорлар кеңесінің мүшесі Бас директорға өзінің Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыса алмайтындығы туралы күні бұрын хабарлауға міндетті.

51. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

15 бап. Директорлар кеңесінің мәжілістерін өткізу дің тәртібі

52. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін Кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және отырыска қатысатын Директорлар кеңесінің мүшелерін ескере отырып, бейнеконференцияны (интерактивті), конференц-байланысты (Директорлар кеңесі мүшелерінің телефон кеңесі режимінде бір мезгілде сөйлесуі), өзге де байланыс құралдарын пайдалану жолымен, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған кезде) ескере отырып, айқындалады.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворум үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционерге Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау өтінішімен жүгінуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері барлық дауыс беретін акацияларды иеленуші Акционерге көрсетілген өтінішті жіберу туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

53. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауыска ие. Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске қатысушы Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

54. Дауыстар тең болған кезде, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе директорлар Кеңесінің мәжілісінде төрағалық етуші тұлғаның даусы шешуші болып табылады.

55. Директорлар Кеңесі онда тек Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алатын өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

56. Директорлар кеңесі күндізгі және сырттай дауыс беру формасымен отырыстар өткізеді.

57. Директорлар кеңесі сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделеді, оған Директорлар кеңесінің Төрағасы, Корпоративтік хатшы немесе ол болмаған жағдайда Директорлар кеңесі отырысының хатшысы функцияларын жүзеге асыратын тұлға қол қойылған бюллетенъдерді тігу арқылы қол қоюға тиіс.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетенъдерде кворум болған кезде қабылданған болып танылады.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол негізінде осы шешім қабылданған бюллетенъдердің көшірмелерін қоса бере отырып, директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

58. Директорлар кеңесінің күндізгі отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде жасалуға және оған төрағалық еткен тұлға мен Корпоративтік хатшы қол қоюға және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның атқарушы органдының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер;
- 6) «Қолдаймын», «қарсы» «қалыс қалу» дауыс беру нұсқаларының тиісті бағандарында өз қолдарын қамтитын Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 7) қабылданған шешімдер;
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

59. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен шешімдері Қоғамда сақталады.

Корпоративтік хатшы немесе Директорлар кеңесі хатшысы болмаған жағдайда оның функцияларын жүзеге асыратын тұлға Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен және директорлар Кеңесі мөрінің бедерімен расталған хаттама мен шешімнің үзінділерін беруге міндетті.

60. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

61. Барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер, егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылданған Директорлар кеңесінің шешіміне сotta дау айтуға құқылы.

16 бап. Бас директор

62. Ағымдағы қызметке басшылықты жеке-дара атқарушы орган – Бас директор жүзеге асырады.

Бас директор барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционерімен сайланып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Бас директор барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің және директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндettі.

Қоғам егер мәміле жасасу кезінде тараптар мұндаш шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, оның Бас директорының белгіленген шектеулерді бұзу арқылы жасасқан мәмілесінің жарамдылығына дауласуға құқылы.

Бас директор атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымына ие болуға құқылы емес.

Бас директордың функциялары, құқықтары мен міндettтері Заңмен, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, Қоғамның өзге ішкі құжаттарымен, сондай-ақ көрсетілген тұлғаның Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен белгіленеді. Қоғамның атынан Бас директормен еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің шешімімен осыған уәкілеттік берілген тұлға қол қояды.

63. Бас директор өз құзыреті шегінде:

1) барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін, жылдық қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық үйымның ұсынымдарын, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындауды ұйымдастырады;

2) Қоғамның Даму жоспарын, Бюджетін іске асыруды жүзеге асырады;

3) барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін Акционердің және Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын шешімдерді қоспағанда, кез келген мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдайды;

- 4) Қоғамның ішкі рәсімдерін, оның ішінде тәуекелдерді басқару бойынша қолдануды жүзеге асырады, Қоғамның ішкі құжаттарымен оның құзыретіне жатқызылған тәуекелдерді басқару бойынша Қоғамның ішкі рәсімдерін бекітеді, сондай-ақ Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесі туралы және Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесі туралы хабарлайды;
- 5) Директорлар кеңесі және барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционер бекітетін құжаттарға жатпайтын, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;
- 6) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті, оның ішінде барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін Акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын бақылау мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады;
- 7) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен қызметкерлердің жалпы саны мен ұйымдық құрылымын ескере отырып, Қоғамның штат кестесін бекітеді;
- 8) ішкі (қызметтік) ақпараттың қорғалуы мен сақталуын қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ақпараттың жария етілуіне және Қоғам қызметінің ақпараттық жария етілуіне жауапты болады;
- 9) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 10) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 11) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелөу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін және Қоғамның Корпоративтік хатшысын қоспағанда, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақыларының және еңбекақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлері сыйақыларының мөлшерін айқындайды;
- 12) Қоғамның атынан Қоғам қызметкерлерімен, оның ішінде Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен және Корпоративтік хатшымен еңбек шарттарын жасасады және бұзады;
- 13) өз орынбасарларының және Қоғамның бас бухгалтерінің кандидатураларын жұмысқа қабылдау алдында Директорлар Кеңесінің Төрағасымен жазбаша келіседі;
- 14) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды өз орынбасарларының біріне жүктейді;
- 15) міндеттерді сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын өзара және өз орынбасарларының арасында бөледі;
- 16) банктерде шоттар ашады, төлем тапсырмаларына, басқа да төлем және өзге де бухгалтерлік құжаттарға қол қояды;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін Акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Бас директордың шетелдік іссапарлары Директорлар кеңесі төрағасының жазбаша келісімі бойынша жүзеге асырылады.

17 бап. Ішкі аудит қызметі

64. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару және кеңес беру саласындағы құжаттарды орындауды жүзеге асыру үшін Қоғамда қызметті жетілдіру мақсатында Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің құзыреті мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

65. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, оның ішінде оның басшысы Директорлар кеңесінің шешімі бойынша сайланады және өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады.

66. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайланана алмайды.

67. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

68. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің енбегіне ақы төлеу мен сыйақы беру мөлшері мен шарттарын Директорлар кеңесі айқындайды.

18 бап. Корпоративтік хатшы

69. Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын, Директорлар кеңесі тағайындастын және оған есеп беретін Қоғамның қызметкері болып табылады.

70. Корпоративтік хатшы:

1) Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауын қамтамасыз етеді;

2) Қоғамның корпоративтік басқару саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері мен нормаларын, Қоғамның жарғысын және өзге де ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауға және өткізуге бақылауды жүзеге асырады;

4) Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды, оларға қол жетімділікті қамтамасыз етуге бақылау жүргізуі қамтамасыз етеді;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің дәл және нақты ақпаратты уақтылы алудын қамтамасыз етеді; Қоғам органдары арасында тиімді ақпарат алmasуға ықпал етеді;

6) корпоративтік басқарудың барлық мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері мен Бас директор үшін кеңесші функцияларын орындаиды;

7) Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты жинауды, мониторингін жүзеге асырады және оны уәкілетті органдарға жібереді;

8) заңда, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

71. Қоғамның Корпоративтік хатшысының мәртебесі, функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы Ережемен, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен айқындалады.

19 бап. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің қағидаттары

72. Директорлар Кеңесінің мүшелері мен Бас директор Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады.

73. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) оларға жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен оның акционерлерінің мүдделерін барынша басым дәрежеде білдіретін тәсілдерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін осы жарғыға, барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші Акционердің және директорлар Кеңесінің шешімдеріне қарама-қайшылықта, сондай-ақ жеке бастарының мақсаттарында пайдаланбаулары және пайдалануға жол бермеулері, өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасасқан кезде теріс мақсатта пайдаланбаулары тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуі қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептеме жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашуды және беруді бақылайды;

